

**“№12 «Инжугүл» бөбекжай- балабақшасы МКҚК
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ**

ХАТТАМА №1

Өткізілген күні: «19» қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: музыка залы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері (тізімі қоса берілді)

- 1.Калиева Жумабике Шамшудинова- төрағасы
- 2.Уркумбаева Акканым Жаксыевна білім саласының ардагері-мүшесі
- 3.Мамбетьярова Динара Бахыткерейқызы үштік одақ мүшесі-мүшесі
- 4.Максотова Жансая Ертайқызы үштік одақ мүшесі- ата-ана-мүшесі
- 5.Мәзін Мира Жексенқызыүштік одақ мүшесі-ата-ана -мүшесі
- 6.Каратаев Абат Даулеткереевич»Актюбинский вестник» газет тілшісі--мүшесі
- 7.Бержанова Лаура Тсаболатовна-ата-ана-хатшы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен танысу.
2. Кеңес құрамына іріктеуден өткен, қалалық білім бөлімінің бұйрығымен бекітілген кандидаттармен танысу.
3. 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.

І.ТЫҢДАЛДЫ: Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен танысу.

СӨЙЛЕДІ: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жетесова Б.Ж. Қамқоршылық кеңес мүшелерін «білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда №15584 болып тіркелгенін айтып, ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а.03.03.2023 №56 бұйрығымен өзгертулер енгізілгенін тағы да таныстырып, қамқоршылық кеңесінің нұсқауымен және кейбір тарауларын оқып таныстырды. Атап айтқанда, Қамқоршылық кеңесті құру тәртібі, оның қызметінің негізгі бағыттары, мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, кеңес отырыстарын ұйымдастыру және шешім қабылдау рәсімдері туралы жан-жақты түсіндірме берілді. Өз сөзінде меңгеруші Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымы мен ата-аналар қауымдастығы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, тәрбиеленушілердің сапалы білім мен тәрбие алуына қолайлы жағдай жасауға, балабақшаның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге және қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған консультативтік-кеңесші орган екендігін атап өтті. Сонымен қатар, Қамқоршылық кеңестің негізгі міндеттері ретінде білім беру ұйымының даму перспективаларын талқылау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қатысты мәселелерді қарастыру, демеушілік және қайырымдылық көмекті тартуға жәрдемдесу, білім беру ұйымының қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету бағыттары түсіндірілді. Кеңес мүшелеріне отырыстарды өткізу тәртібі, жылдық жұмыс жоспарын

азірлеу, хаттамаларды рәсімдеу, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау және кеңес мүшелерінің этикалық нормаларды сақтау қажеттілігі туралы ақпарат берілді.

II. ТЫҢДАЛДЫ: Кеңес құрамына іріктеуден өткен, қалалық білім бөлімінің бұйрығымен бекітілген кандидаттармен танысу.

СӨЙЛЕДІ: Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жетесова Б.Ж. 1-тарау Жалпы ережелеріне тоқтап өтті. 1. Мектепке

дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі-ҚАҒИДАЛАР) «Білім туралы» ҚР Заңының 44- бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және Қамқоршылық кеңестің (бұдан әрі-ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС) қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды. 2. Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымның дамуына ықпал ететін және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган ретінде қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің өтекіс негіздегі қызметі;
- 3) еріктілік;
- 4) ашықтық
- 5) жариялылық пен шынайылық.

1) туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік актілердің талаптарын сақтауға;

2) өз қызметін мектепке дейінгі ұйыммен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және де өзге жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асыруға міндетті.

Қамқоршылық кеңесінің құрамына іріктеуден өткен кандидаттарды таныстырды. Ол қалалық білім бөлімінің « 10» қазан 2024 жылғы 492 бұйрығына сәйкес Қамқоршылық кеңестің құрамы бұрынғыша бекітілгенін хабарлады. Меңгеруші кеңес құрамына ата-аналар қауымдастығының өкілдері, қоғамдық ұйымдардың мүшелері, әлеуметтік серіктестер, жергілікті қоғамдастық өкілдері және білім беру ұйымының қызметіне қолдау көрсетуге ниет білдірген азаматтар енгізілгенін атап өтті. Кандидаттардың әрқайсысы өздерін таныстырып, кәсіби қызметі, қоғамдық белсенділігі және Қамқоршылық кеңесінің жұмысына қатысу мақсаттары туралы қысқаша мәлімет берді. Кеңес мүшелері балабақшаның дамуына қолдау көрсетуге, тәрбиеленушілер үшін қолайлы жағдай жасауға және білім беру ұйымының ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстарға белсенді қатысуға дайын екендіктерін білдірді.

СӨЙЛЕДІ: Мәзін Мира Жексенқызы үштік одақ мүшесі-ата-ана Қамқоршылық кеңесінің мүшелері нормативтік құжаттар бойынша өз пікірлерін білдіріп, қойылған сұрақтарына түсініктемелер алды. Кеңес мүшелері өз қызметтерін қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асыруға дайын екендіктерін жеткізді.

III. ТЫҢДАЛДЫ: 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.

СӨЙЛЕДІ: Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Калиева Жумабике Шамшудинова және балабақша меңгерушісі Жетесова Бакытгуль Жаксылыковна 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды. Жоспарда Қамқоршылық кеңесінің қызметін жүйелі ұйымдастыруға

бағытталған негізгі іс-шаралар қамтылғаны атап өтілді. Атап айтқанда, кеңес отырыстарын тоқсан сайын өткізу, балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайтуға қолдау көрсету, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәселелерін бақылау, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына қоғамдық мониторинг жүргізу, білім беру сапасын арттыруға ықпал ету бағытындағы жұмыстар қарастырылған. Сонымен қатар, ата-аналар қауымдастығымен және әлеуметтік серіктестермен өзара ынтымақтастықты дамыту, қайырымдылық және демеушілік көмекті заңнама талаптарына сәйкес тарту, мерекелік және тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету, балабақша қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мәселелері жоспарға енгізілгені айтылды. Жұмыс жоспарының жобасы кеңес мүшелерінің талқылауына ұсынылып, іс-шараларды өткізу мерзімдері мен жауапты тұлғалар белгіленді.

ШЕШІМІ:

1. Қамқоршылық кеңестің қызметіне қатысты нормативтік құжаттар назарға алынсын. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығын басшылыққа алып жұмыс жасалсын. Кеңес мүшелері өз жұмыстарында қолданыстағы заңнамалық құжаттарды басшылыққа алсын.
2. Қалалық білім бөлімінің бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы назарға алынсын. Кеңес мүшелері өз қызметтерін қолданыстағы ережелерге сәйкес жүзеге асырсын.
3. 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары мақұлдансын. Жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын. Жоспардың орындалуын Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен балабақша әкімшілігі бақылауға алсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Калиева Ж.Ш.

Хатшы:

Бержанова Л.Т.